

ОҚЫТУ САПАСЫН БАҚЫЛАУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Жоғары білімнің үш сатылы жүйесіне көшу, білім сапасын жақсарту қазіргі экономикаға сай әлемнің кез келген елінде бәсекеге түсе алатын жоғары білікті маман дайындау, оқытудың өзіндік жүйесін қалыптастыру, білім алушы мен профессор-оқытушылар құрамының және де оқу үрдісіне қатысып отырған барлық субъектілердің жауапкершілігін күшейту және білім алушылардың (студенттер, магистрантар мен докторантардың) өзіндік оқу жұмысын жақсарту 2005-2010 жылдарға арналған білім дамыту мемлекеттік бағдарламасында белгіленді.

Ал қолданыстағы үш сатылы оқу моделі өз тарапынан кредиттік оқыту технологиясына негізделінді.

Кредиттік оқыту технологиясы – білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту деген сөз.

Кредиттік оқыту технология кезінде оқытушы тек білім беріп қоймай, қалай оқу мен білім алу керектігін, қалай шеберлікті шыңдап, тәжірибиені машықтауды да үйрететін болды, сонымен бірге білім алушылар да жоғары талап қойылды және олардың өзіндік жұмысының і арттырылды.

Кредиттік оқыту технологиясы жақсы жақтарымен қатар өзімен бірге біраз қиындықтарды да алып келді. Атап айтсақ, оқу жұмыс жоспарында қарастырылған пәндерге кредит санын бөлу тәртібі, емтихан, сынақ, курстық жұмыс пен курстық жобаға және білім алушылар мен оқытушылардың өзіндік жоспарында қарастырылған тағы басқа жұмыстарына кететін еңбекті (кредитті) есептеу методикасын айтуға болады.

Бұл жағдай осы оқыту технологиясына көшкен ТМД елдерімен қатар батыс Еуропа елдерінің алдында тұрған өзекті мәселердің бірі

Кредиттік оқыту технологиясы кезінде білім алушылар оқу үлгерімін бақылайтын жұмыстардың көбейтетінін көрсетті, осыған байланысты профессор-оқытушылар құрамының да оқу-жүктемесі көбейді, сонымен қатар оқу үрдісіне қойылатын талап пен міндет күшейтілді және олардың тағы басқа қосалқы жұмыстары көбейді.

Бұл қиындықтан шығудың бірден бір жолы білім алушылардың оқу үлгерімін бақылау үшін арнайы бағдарламаларды пайдаланатын жаңа IT-технологияларды кеңінен пайдалану болып табылады.

Алайда оқу процесіне жаңа IT-технологияларды кеңінен пайдалануға біраз профессор-оқытушы құрамының дербес компьютерді жеткілікті білмеуі және тест технологиясына дайындығы жоқтығы өзіндік кері әсерін тигізді.

Қазіргі таңда кредиттік оқыту технологиясы кезінде білім алушылардың үлгерім көрсеткішін бақылау мен бағалау балдық рейтингтік жүйесімен (БРЖ) асырылады.

БРЖ студенттердің (магистранттардың, докторанттардың) оқу үлгерімін академиялық период (семестр) бойы үздіксіз мониторинг жасап қоймай, оқытушылардың білімді сапалы беруге, бағалауды дұрыс сараптап және бағаны әділ қоюына мүмкіндік береді.

Қазір еліміздің жоғары оқу орындары (ЖОО) қолданыстағы ережелерге сай, оқу процесін ұйымдастырудың модульдік жүйесін алып, білім алушылардың үлгерімін бақылаудың үштік түрін қолданып отыр.

Біріншісі - күнделікті бақылау. Оларға силлабустарда көрсетілген зертханалық, тәжірибиелік (семинар) және бақылау жұмыстары, семестрлік немесе үй тапсырмалары, коллоквиумдар, тіптік есептеулер, дискуссиялар, тренингтер, дөңгелек стөлдер, кейс-технологиялар, рефераттар, эсселер және тағы басқалар жатады.

Екіншісі - бір семестрде кемінде екі рет өткізілетін рубеждік бақылау. Әдеттегідей рубеждік бақылау тест немесе жазбаша түрде өткізіледі.

Үшіншісі - семестр соңында емтихан түрінде өткізілетін аралық қорытынды бақылау (емтихандар). Емтихандар оқу жұмыс жоспарында қарастырылғандай билеттер арқылы ауызша, жазбаша бақылау жұмысы немесе тестілеу арқылы өткізіледі.

Енді жоғарыда көрсетілген үштік бақылаулардың ара қатынасы қандай, осыған қысқаша жауап беріп көрелік.

Қазір көптеген ЖОО-лар қорытынды бақылау (ҚБ) кезінде, кредиттік оқыту жүйесінің алғашқы жылдарында Алматы сәулет-құрылыс академиясы ұсынған төмендегі теңдеуді пайдаланып жүр.

$$ҚБ = \left(\frac{P_1 + P_2}{2} \right) \times \kappa_1 + Э \times \kappa_2 \quad (1)$$

бұл жерде P_1 және P_2 бірінші және екінші рубеждік бақылаулар, Э- емтихан, $\kappa_1=0,6$ және $\kappa_2=0,4$ коэффициенттер.

Балдық рейтингті жүйені қолданған кезде білім алушылардың, әр пәннен алған қорытынды балы күнделікті екі немесе одан көп рубежді бақылаулардан жинақтайтын балдарынан және семестрлік емтиханнан тұратынын ескерсек, жоғарыда көрсетілген теңдеудің дұрыс еместігіне көз жеткіземіз.

Жоғарыда көрсетілген мәселерді шешу үшін біріншіден, университетте оқытушылардың білімін көтеретін арнайы IT-технологияларға негізделген бағдарламалар жасау және оны оқытатын курстар ашу керек.

Осы жұмыстардың нәтижесінде компьютер технологиясы мен интернет жүйесін, мультимедиялық техникаларды кеңінен қолданып сабақ өткізетін және сол техникаларды қолданып күнделікті, рубежді, қорытынды бақылаулар өткізетін профессор-оқытушы құрамның саны да және білім беру сапасы да көтеруге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ашық, жабық және аралас түрдегі педагогикалық тесттерді құруға арналған университет аралық оқу-әдістемелік семинарлар, отырыстар ұйымдастырып, соның нәтижесінде ортақ оқу-әдістемелік нұсқаулықтар жасау қажет.

Бұл жұмыс барысында қолданыстағы жабық тестілеу жүйесімен қатар ашық және аралас тестілеу жүйелері пайдаланылып білім алушылардың үлгерім көрсеткішін тексеру сапасын артыруға жағдай жасайды.

Үшіншіден, білім алушылардың қорытынды бағасын шығарған кезде, олардың үлгерім көрсеткіштерінің орташаланған бағасын алмай, академиялық периодта алған толық жинақ балын төмендегі теңдеу бойынша анықтау қажет.

$$ҚБ = (БР + EP) \times 0,6 + Э \times 0,4 \quad (2)$$

бұл жерде $БР = КБ + P_1$ - бірінші рейтинг; $EP = КБ + P_2$ - екінші рейтинг; $КБ$ күнделікті бақылаулар; P_1 және P_2 бірінші және екінші рубеждік бақылаулар; $Э$ - емтихан балдары немесе проценттері.

Сонымен қатар, министрлік ұсынған 0,6 және 0,4 коэффициенттерін дұрыс пайдалану үшін, күнделікті, рубеждік және емтихан үлгерім көрсеткіштері $0 \div 100$ аралығындағы шкалаға (процент/балл) тең болуы қажет, олай болса өз кезегінде

$$БР + EP = 100 \% \quad (3)$$

$$Э = 100 \% \quad (4)$$

Ойымды қортындылай келе, мақаладағы мәселер шешімін тапқан кезде профессор-оқытушылар құрамының жұмысы аз да болса жеңілдеп, ал білім алушылардың үлгерім көрсеткішін бағалау әділ өткізіледі және бағалау технологиясы тағы бір сатыға жақсаратынына сенімдімін.